Қызылорда облысы, Қазалы ауданы, Қазалы қаласындағы Ғани Мұратбаев атындағы саябақтағы Қарасақал Ерімбет ескерткішіне ағымдағы жөндеу жұмыстарына
түсіндірме жазба

Жобаны іске асыру орны экологиялық аймаққа жататын Қызылорда облысы Қазалы ауданы Қазалы қаласы болып табылады.

Жобадағы Қарасақал Ерімбет ескерткіші Қазалы қаласындағы негізгі ескерткіштердің бірі.

Осы ескерткішке көп жылдардан бері жөндеу жұмыстары жүргізілмеген.

Қарасақал Ерімбет ескерткіші Қазалы қаласының орталығында орналасқан.

Бұл Қарасақал Ерімбет ескерткішіне қала тұрғындары келіп серуендейді. Сонымен қатар ескерткіштің тзығы жеткені белгілі. Жазда шаң бұрқырап, қысқы мезгілде қалың қарлар жиналып ескерткіштің тозуына әсерін тигізеді.

Осыған байланысты аталған Қарасақал Ерімбет ескерткішіне жоба сметалық құжаттары әзірленіп, мемлекеттік сатып алу жұмыстарын жүргізіп, жұмыстарды орындату қажет.

Қазақстан Республикасының 2024 жылғы 1 шілдедегі «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 16-бабы 3-тармағы 28 тармақшасына сәйкес – аудандық маңызы бар қалалар, кенттер, ауылдар, ауылдық округтер әкімдерінің аппараттары үшін республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген айлық есептік көрсеткіштің төрт мың еселенген мөлшерінен аспаса бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыруға құқылы делінген.

Осы ретте, Қазалы қаласындағы Ғани Мұратбаев атындағы саябақтағы Қарасақал Ерімбет ескерткішіне ағымдағы жөндеу жұмыстарын “ИП ORDA” *(бұдан әрі – Орындаушы)* ұсынылғалы отыр.

Орындаушы – шарт бойынша міндеттемелерді орындау үшін жеткілікті материалдық, еңбек және қаржы ресурстарына ие.

Қазалы ауданы аумағында жаяу жүргіншілер жолын салу, ағымдағы жөндеу жұмыстарына тәжірибесі бар.

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2024 жылғы 9 қазандағы «Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» №687 бұйрығының *(Бұдан әрі – Бұйрық)* 508-бөлігінің талаптарына сәйкес бәсекелестік сақтала отырып, елді мекен аумағындағы 3 *(үш)* әлеуетті өнім берушіге ұсыным беріп, неғұрлым төмен баға ұсынған өнім берушімен тікелей шарт жасасу арқылы бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алу жүзеге асырылады.

Бұйрықтың 506-бөлігі - мемлекеттік сатып алу туралы шартты тікелей жасасу жолымен бір көзден алу тәсілімен тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу тапсырыс берушінің шешімі негізінде, шартты тікелей жасасу жолымен бір көзден алу тәсілін таңдаудың тиісті негіздемесімен жүзеге асырылады.

Қазалы қаласының әкімі **Қ.Орынбасаров**